

bl.group.name__age

Балаларға арналған әңгімелер: Спандияр Көбеев «Құмырсақа мен көгершін»

Спандияр Көбеев «Құмырсақа мен көгершін».

Бір күні құмырсақа шөлдеп, су ішуге өзенге түсті. Оны толқын соғып, суға кетіп қала жаздады. Сол мезгілде аузында тістеген бұтағы бар бір көгершін суға кетіп бара жатқан құмырсақаны көріп, бұтағын оның үстіне тастай берді. Құмырсақа бұтаққа жармасып, толқынмен судың шетіне шығып, ажалдан құтылды.

Тағы бір күні манағы көгершін өзеннің жағасына қонып, бір аңшының құс аулауға құрып қойған ауының астындағы бидайды теріп жей бастады. Аңшы ауды басып қалып, көгершінді ұстап алуға даярланып тұрғанын құмырсақа көріп, өрмелеп келіп оның аяғын шағып алды. Аңшы ауды қоя бергенде, көгершін көтеріліп ұшып кетті.

«Жақсылыққа – жақсылық» деген осыдан қалған екен.



